



**Техникалық және кәсіптік
білім беру ұйымдарында инклюзивті
білім беруді ұйымдастыру:
нормативтік-құқықтық негіздер**

Астана -2025



15.00–15.10

ТжКББ педагогтеріне ерекше білім беруді қажет ететін студенттермен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда әдістемелік көмек

Дауешова Сындар Мұратқызы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы



15.10–15.20

Колледжде арнайы жағдайлар жасау: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдаудағы ПМПК-ның рөлі
Сағилова Жанна Қабдиловна, ПМПК №1 басшысы



15.20–15.30

Білім беру ұйымдарында ерекше білімді қажет ететін балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау
Касымканова Салтанат Есенгалиевна, Арнайы және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы



15.40–15.45

Пікір алмасу

Қазақстан Республикасының Конституциясы



24-бап

Әркімнің еңбек ету бостандығына,
қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы
бар



30-бап

1. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында
тегін орта білім алуына кепілдік беріледі.
Орта білім алу міндетті



Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы



4-тарау. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

9. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, білім беру ұйымы лицензиясы болған жағдайда әртүрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыруға құқылы.

Білім беру ұйымдары ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқыту үшін білім беру бағдарламаларын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктеріне және әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдейді.

5 -бап. ● Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

72) ● ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары мен бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

73) ● мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

74) ● мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау стандартын әзірлейді және бекітеді;

Мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша сырттай, кешкі оқу, онлайн-оқу, сондай-ақ экстернат нысандарында білім алуға жол берілетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесін бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 40 бұйрығы



Мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша сырттай, кешкі оқу, онлайн-оқу, сондай-ақ экстернат нысандарында білім алуға жол берілетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесі көрсетілген



Ескертпе: * ерекше білім беру қажеттіліктері бар азаматтар қатарынан кадрлар даярлау көзделген мамандық



Мамандық атауы
Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)*
Машиналар мен жабдықтарды пайдалану (өнеркәсіп салалары бойынша)*
Ауыл шаруашылығын механикаландыру*
Тағам өндірісінің технологиясы*
Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану*
Агрономия*
Ауыл шаруашылығын механикаландыру*
Орман шаруашылығы*
Ветеринария*
Вокалдық өнер*



Ескертпе: * ерекше білім беру қажеттіліктері бар азаматтар қатарынан кадрлар даярлау көзделген мамандық

Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы
№532 бұйрығы



2-тарау. Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тәртібі

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің
2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы



Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидалары

3. ППҚҚ-ның қызметі мынадай деңгейлерде ұйымдастырылады:

4) техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру деңгейінде – білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) оқыту және кәсіп алу және әлеуметтендіру процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы
№ 578 бұйрық**



ТжКББ ұйымында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқуға қабылдау мамандықтар мен біліктіліктерге медициналық-әлеуметтік сараптаманы (медициналық анықтаманы) ескере отырып жүзеге асырылады.

Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысын ескере отырып жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы
№ 348 бұйрық



Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

2-тарау. Техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнына оқыту нәтижелеріне бағдар жасай отырып қойылатын талаптар

4. Жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі техника-технологиялық, педагогикалық, көркемдік-технологиялық, әлеуметтік-экономикалық, аграрлық-технологиялық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып айқындалады.

Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар тұлғалар үшін арнайы оқу бағдарламаларындағы жалпы білім беретін пәндер тізбесі мен көлемін ТЖКБ ұйымы мамандығына байланысты дербес айқындайды.

7. Базалық және кәсіптік модульдердің мазмұны (жалпы кәсіптік және арнайы пәндер) экологиялық және/немесе өнеркәсіптік қауіпсіздікке қойылатын заманауи талаптарды ескереді.

Базалық модульдер кәсіптік модульдерді игеру барысында қалыптастырылатын кәсіби құзыреттерді игерудің негізін қалыптастыруға бағытталған және белгілі бір кәсіби қызметтің ерекшелігін көрсетеді.

Базалық және кәсіптік модульдерді (жалпы кәсіптік және арнайы пәндер) ТЖКБ ұйымы дербес айқындайды.

9. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар (ақыл-ойы сақталмаған) үшін қорытынды аттестаттау практикалық жұмысты орындау нысанында, өткізіледі, басқа санаттағылар үшін ТЖКБ ұйымы айқындайды.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы
№ 385 бұйрық



2-тарау. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің тәртібі

13. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін шеберханаларда (зертханаларда, білім беру ұйымдарында, оқу полигондарында және оқу шаруашылықтарында) өндірістік оқыту жүргізу кезінде және практикалық сабақтарда оқу топтарының саны 8 адамнан аспайтын кіші топтарға бөлінеді.

16. Жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алуға қолжетімділік жағдайларының жасалуына қарай оқыту мынадай нысандарда жүзеге асырылады: күндізгі, кешкі және сырттай оқу (сырттай, кешкі нысанда білім алуға рұқсат етілетін мамандықтар мен біліктіліктер бойынша) және (немесе) онлайн-оқыту.